

**Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға
облыстық бюджет қаражатынан ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді
субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы**

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 12 маусымдағы № 133 қаулысы.
Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 25 маусымда №
2136 тіркелді. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану
тоқтатылды (Маңғыстау облысы әкімшілігінің 2013 жылғы 02 ақпандағы N 08-18
-185 хаты)

**Ескерту. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану
тоқтатылды (Маңғыстау облысы әкімшілігінің 2013.02.01 N 08-18-185 хаты).**

«Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға
жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысына сәйкес,
облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар бекітілсін:

1) осы қаулының 1 – қосымшасына сәйкес субсидиялардың нормалары және
басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі;

2) осы қаулының 2 – қосымшасына сәйкес тыңайтқыштардың
субсидияланатын түрлері және отандық өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1
тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялардың нормативтері;

3) осы қаулының 3 – қосымшасына сәйкес тыңайтқыштардың
субсидияланатын түрлері және тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік
тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (litрiне,
килограммына) арналған субсидиялардың нормативтері.

2. Субсидия берілу мерзімі – 2012 жыл, қаржыландыру көзі – Маңғыстау
облысының ағымдағы қаржы жылының бюджеті болып анықталсын.

3. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы (Т. Қалжанұлы) заңнамада
белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.К.
Мұқановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап
күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Мұхаметжанов

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
----- А.С. Мамытбеков
1 2 маусым 2 0 1 2 ж .

Маңғыстау облысының қаржы
басқармасының бастығы
----- Әлібекова М.Б.
1 2 маусым 2 0 1 2 ж .

Маңғыстау облысының экономика
және бюджеттік жоспарлау
басқармасының бастығы
----- Илмұханбетова Ш.Л.
1 2 маусым 2 0 1 2 ж .

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2 0 1 2 жылғы 1 2 маусымдағы
№ 1 3 3 қаулысына
1 - қ о с ы м ш а

**Субсидиялардың нормалары және басым ауыл шаруашылығы
дақылдарының тізбесі**

№ р/б	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	1 гектарға арналған бюджеттік субсидияның нормалары, теңге

1.	Көкөніс және бақша дақылдары	9 000
2	Өнеркәсіп үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін қолдана отырып өсірілген көкөніс және бақша дақылдары	36 000
3	Өнеркәсіп үлгідегі жабық топырақтағы көкөністер (1 дақыл айналым)	1 300 000
4	Жеңілдетілген үлгідегі жабық топырақтағы көкөністер (1 дақыл айналым)	300 000

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған іс-шаралардың қаражат көлемі 22 515 000 теңге құрайды (жиырма екі миллион бес жүз он бес мың теңге).

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2012 жылғы 12 маусымдағы
№ 133 қаулысына
2 - қ о с ы м ш а

Тыңайтқыштардың субсидияланатын түрлері және отандық өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялардың нормативтері

№ р/б	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірліктің құнын арзандату пайызы, дейін	Бір бірлікке арналған субсидия нормативі, теңге
1	Аммиак селитрасы (N-34,4)	тонна	50	28 900
2	Аммофос (N-10: P ₂ O ₅ -46)	тонна	50	45 000

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2012 жылғы 12 маусымдағы
№ 133 қаулысына
3 - қ о с ы м ш а

Тыңайтқыштардың субсидияланатын түрлері және тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялардың нормативтері

№ р/б	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірліктің қ ұ н ы н арзандату пайызы, дейін	Бір бірлікке арналған субсидия нормативі, теңге
1	Нитроаммофоска (N-15: P-15: K-15)	тонна	50	46 500
2	Супрефос (N-12: P-24) (Ca: Mg: S)	тонна	50	30 000
3	Новалон (N-13: P-40: K-13+ TE)	килограмм	50	264
4	Новалон (N-19: P-19: K-19+2MgO+TE)	килограмм	50	234
5	Новалон (N-03: P-07: K-37+2MgO+TE)	килограмм	50	228
6	Нутрифлекс (N-15: P-8: K-25)	килограмм	50	204
7	Суға ерігіш кальций нитраты (кальций селитрасы)	тонна	10	16 400
8	Калий нитраты	тонна	10	26 000
9	Магний сульфаты	тонна	10	17 200

Тыңайтқыштардың (органикалық қоспағанда) құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын отандық өндірішiлер өндiрген (формуляциялаған) гербицидтермен өндеуге жұмсалған шығындардың құнын арзандатуға арналған іс-шараларға қажетті қаражаттың көлемі 13 314 000 (он үш миллион үш жүз он т ө р т м ы ң т е ң г е) .